

**6D020300 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD)**

дәрежесін алу үшін дайындалған Ақынова Айгерим

**Пернебековнаның «Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі
Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.)» атты
тақырыпта дайындалған диссертациялық жұмысына ресми
рецензенттің**

ПІКІРІ

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылыми және
мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника
дамуының құраныстарымен) байланысы.**

Диссертанттың «Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия
империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.)» атты зерттеу
тақырыбы әлем тарихы үшін де, отан тарихы үшін өзекті де маңызы зор
болып отыр. Олай болу себебі, IV-XIII ғасырлар аралығындағы кезенде
Онтүстік-Батыс Еуропада ортағасырлық катынастардың қалыптасуының
алғашкы кезеңдері жүзеге асты. Аталған кезенде герман және роман әлемінің
синтезі жағдайында жаңа қоғамдық катынастар дамыды. Этникалық үрдістер
мен саяси байланыстар кеңейіп, мәдени және қоғамдық өмір гүлденді,
сондай-ак Еуразиялық континентте әлеуметтік-мәдени катынастар
интеграциясы дамыды. Орта ғасырлардың ерте кезеңінде қоғамдық
қатынастардың пайда болуы мен дамуы барлық Еуропалық аумакты
камтыған кезде, оның жекелеген аймактары арасындағы этникалық
байланыстары, институттары қалыптасып және нығайып бұл
айырмашылыктар уақыт өте келе жойыла бастады. Антикалық дәуір мен
ортағасырлар кезеңі шектескен тұстан бастап, Еуропаны мекендеген
халықтар мен тайпалар жалпыеуропалық, Еуразиялық саҳнага жекелеген
күштер ретінде шыға бастады. Өркениеттің көкжиегі кеңейіп, тұрғындардың
саны өсті, мемлекеттік құрылымдар пайда болып, олардың арасындағы
байланыс көпқырлы сипатқа ие болды. Көшпелі халықтардың Еуропага
келіп, Батыс және Шығыс Рим империяларымен байланыстар орнатуына
катысты кейбір ғылыми тұжырымдар сан алуан болып отыр. Сондай-ак, ен
маңыздысы, осындай аса ұзакка созылған үдерістің орын алуына септігін
тигізген далалық халықтар мен тайпалардың сыртқы саяси әрекеттері
шетелдік тарихнамада біржакты басқыншылық кимылдармен сипатталып, ол
өзінің шешімін толық таптай отырган ғылыми мәселелердің катарынан орын
алады.

Келесі кезекте, зерттеу тақырыбының негізін құрап отырган
Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі Византия империясының тарихы
өз алдына үлкен бір ғылыми мәселені құрайды. Бұл кезеңде Византия
империясы Еуразия құрлығында аса ірі, куатты және өркениеті дамыған

мемлекет болды. Империяның саяси, әлеуметтік және экономикалық ахуалы өзге мемлекеттерге үлгі боларлықтай дәрежеде болды.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия империясының көрші мемлекеттермен орын алған саяси байланыстары мен сауда қатынастары өз алдына жеке тарихты құрап, оның даму жолын зерттеудің өзі бір саланы құрайды. Империяның сыртқы саяси тарихына талдау жасау зерттеу тақырыбындағы маңызды ғылыми мәселелердің бірі болып табылады. Шетелдік тарихнамада көптеп қолға алынған енбектерде Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезіндегі Шығыс Рим империясының сыртқы саяси тарихы, оның Шығыс Еуропа халықтарымен сондай-ак қоныс аудару кезінде Батыска жылжыған жаңа тайпалармен карым-катынастары, Еуропадағы өзінің саяси бакталастарымен жүргізген байланыстары мен олармен ара-тұра орын алған соғыс тарихы толықтай ғылыми талдаудан өтті деп топшылау қын. Мұның себептері, кейбір еуроцентристік ұстанымдағы батыс ғалымдары және таптық көзкарастағы кенестік ғалымдар тарапынан көбінесе Шығыс Рим империясының өзімен іргелес жатқан мемлекеттермен, тайпалық одактармен арадағы жүргізілген саяси үдерістерді көбінесе геосаяси тұрғыда орын алғаны көрсетілді. Соның негізінде Ұлы қоныс аудару дәуірінде тек Византияның ғана емес, сонымен бірге онымен көршілес варвар тайпаларының да саяси әрекеттеріне байланысты ғылыми тұжырымдар сан түрлі қырынан көрсетілді. Әр түрлі бағыттағы ғылыми тұжырымдар тақырыптың өзектілігін арттыра тұсті.

Докторант А.П. Ақынованың диссертациялық зерттеу жұмысында Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде Византия империясының ішкі және сыртқы саяси тарихына қатысты туындаған ғылыми мәселелері, Еуразия даласында IV-VII ғасырлардағы Халықтардың Ұлы Қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саяси тарихы мәселелерін жан-жакты және теренінен зерттеп, көрсету, тақырыптың тарихнамалық, теориялық әдіснамалық мәселелеріне баса назар аударып, ғылыми талдау жүргізуі диссертациялық жұмыстың ғылыми маңыздылығын көрсетеді. Диссиденттың зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми жаңалықтары кейінгі осы тақырыпка қатысты зерттеулерге арқау болары анық.

2. Диссертацияларға қойылатын (Ғылыми дәрежелер беру Ерлерінің 2, 5, 6 тармағына және ғылыми қызыметкерлердің тиісті мамандықтардың төлкүжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссиденттің А.П.Ақынова өзінің зерттеу жұмысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

Бірінші нәтиже. Халықтардың Ұлы Қоныс аудару дәуірінің Византия империясы үшін саяси маңыздылығы ашылған.

Екінші нәтиже. Еуразиядағы Халықтардың Ұлы Қоныс аудару үдерісінің Византия империясының саяси-экономикалық жағдайына оң және теріс факторларына жаңа зерттеулер нәтижесінде талдау жасалған.

Үшінші нәтиже. IV-VII ғасырлардағы Византия империясының мемлекеттік басқару мен саяси құрылымдар тарихы зерттелген.

Төртінші нәтиже. Коныс аудару кезеңіндегі империяның экономикалық ахуалы мен әлеуметтік даму деңгейін көрсетілген.

3. Докторанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Диссиденттың келтірген нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары нақты латын деректері, сондай-ақ басқа да мәліметтер арқылы дәйектелген.

Бірінші нәтижені негіздеу барысында Византияның атақты императоры, реформатор I Юстиниан тұсындағы империяның ішкі және сыртқы саяси тарихы зерделенген;

Екінші нәтиже. Халықтардың ұлы қоныс аудару кезеңінде Византия императорларының Батыс Фұн империясының билеушілерімен байланыстары айқындалған;

Үшінші нәтиже. Византия империясы мен Авар қағанаты байланыстарының тарихына жаңаша ғылыми талдау жасалынған;

Төртінші нәтиже. Византия және Парсы империялары арасындағы саяси байланыстар мен уақыт ағымына қарай туындаған сауда-экономикалық шиеленістерге жаңаша ғылыми баға берілген.

4. Докторанттың диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Отандық және шетелдік тарихында диссертациялық деңгейде «Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.)» тақырыбы алғаш рет зерттеу нысаны ретінде алынып отыр. Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясатын мәнін ашатын тың зерттеулердің және отандық тарих ғылымында ғылыми айналымға қосылмаған шетелдік тарихнамалық дерек көздерін пайдалану негізінде жаңа ой-тұжырымдар жасалған. Осыған байланысты диссертацияда кол жеткізілген нәтижелер:

Бірінші нәтиже жаңа. Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінің Византияның ішкі өмірінде түрлі әлеуметтік-саяси мәселелердің туындауы мен оның жаңа себептері анықталды. Халық пен биліктің және қоғам мен мемлекеттік аппараттың арасында туындаған түрлі саяси алауыздықтар мен оның саяси салдары айқындалған.

Екінші нәтиже жаңа. Антикалық авторлардың еңбектеріне сүйене отырып, Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуіріндегі Византияның сыртқы саясаты мен оның жаңа бағыттары ашылды. Империяның халықаралық катынастардағы беделіне тарихи-саяси сипаттама беріліп, оның сыртқы саясаттағы «картасы» жасалған.

Үшінші нәтиже жаңа. Халықтардың Ұлы қоныс аудару дәуірінде осы көшті бастаған ғұндардың Византия империясымен саяси байланыстарының жаңа бағыттары көрсетілді. Византиялық елшілер мен тарихшылардың

жазбаларына талдау жасаудың нәтижесінде римдік билеушілердің ғұндармен саяси байланыстарына және соғыс факторлары жаңа қырынан ашылған.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Ақынова Айгерим Пернебековнаның «Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.)» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысы дербес орындалған ғылыми еңбек болып табылады. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері дұрыс айқындалып, жүйелі түрде тиянақты шешім тапқан. Ізденушінің кол жеткізген ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары тақырыпты жоғары деңгейде ашуға мүмкіндік берген. Зерттеу жұмысы логикалық және мазмұндық түрғыдан үйлесім тапқан және ішкі бірлігі өте жоғары, толық аяқталған іргелі зерттеу жұмысы болып табылады.

6. Докторанттың алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталуы.

Диссертация жұмысы әлемдік тарихта және отандық тарихта, атап айтқанда ортағасырлық қоғамдық қатынастар мен интеграция мәселелерін талдауда мол үлес қосатын енбек. Жұмыстың мазмұны, тұжырымдары дүние жүзі тарихына, Еуразия тарихына байланысты енбектер жазуда, ортағасырлар кезеңіне арналған оқулық пен оқу құралдарын дайындауда қолданыс таба алады. Сонымен бірге жоғарғы оқу орындарында, колледждерде, мектептерде «Әлем тарихы», «Ерте дүние тарихы», «Ортағасырлар тарихы», «Деректану және тарихнама» саласы бойынша дәрістер окуда, арнайы курстар мен семинар сабактарын жүргізуде пайдалануға болады.

7. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындысының жариялануына растама.

Диссертацияда көрсетілгендей, зерттеудің негізгі ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары республикалық және шетелдік ғылыми басылымдарда 11 мақаласы жарияланған. Оның ішінде, КР БФМ Білім және Ғылым саласындағы бакылау комитеті тарапынан бекітілген отандық журналдарда 4 мақала жарыққа шықкан. Сондай-ақ халықаралық және республикалық ғылыми конференциялардың жинақтарында 5 ғылыми баяндамасы, «Scopus» халықаралық деректемелер базасының құрамындағы журналдарда 2 макала жарияланған.

8. Диссертация мазмұндағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыстың аталған ғылыми құндылығымен бірге төмендегідей ескертпелер мен ұсыныстар бар:

Біріншіден, жұмыстың ғылыми өндөлуі барысында кейір техникалық кемшіліктер кездеседі.

Екіншіден зерттеу жұмысында негізгі назарды мәдени ықпалдастық мәселесіне көбірек аударса диссертацияның құндылығы арта түсер еді.

Дегенмен, бұл айтылған сын ескертулер мен ұсыныстар диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығына нұқсан келтірмейді.

9. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сәйкестігі.

Диссертацияның мазмұны тақырыптың мәнін толығымен ашады, зерттеудің мақсаты мен міндеттері орындалған, коргауға ұсынылған кагидалар, ғылыми жаңалықтар мен нәтижелер өзара сабактастық пен логикалық байланысы сактаған. Диссертациялық жұмыстың мазмұны концептуалдық түрғыда тұтастығымен ерекшеленеді.

Диссертацияда ғылыми шілір бере отырып, зерттеу барысында кол жеткізілген теориялық және тәжірибелі манызды нәтижелер, ғылыми жаңалықтар мен ұсыныстар ғылым және білім саласында кеңінен колданыс табады деп есептеймін. Зерттеу жұмысы бойынша жоғарыда аталған ғылыми нәтижелерді талдай отырып, докторант Ақынова Айгерим Пернебековнаның «Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі Византия империясының ішкі және сыртқы саясаты (IV-VII ғғ.)» тақырыбындағы диссертациясын КР БжГМ Білім және ғылым саласындағы бакылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелері» талаптарын канагаттандыратын, диссертацияларға койылатын талаптарға сай келетіндіктен тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Т.К. Жұргенов атындағы
Қазак Үлттүк
Өнер Академиясының
ага оқытушысы, PhD

А. А. Нурмухамбетов

